

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1810. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.26. N 1634 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 150 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне Министрдің 3

орынбасарын, соның ішінде бір бірінші, сондай-ақ саны 13 адамның алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1179 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1810 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық
аппаратының

Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Еңбекпен қамту департаменті

Еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары департаменті

Төлем саясаты және еңбек өнімділігі басқармасы

Тұрмыс деңгейі және еңбекке қабілетті халықты әлеуметтік қолдау
басқармасы

Заң басқармасы

Көші-қон департаменті

Іс басқармасы

Әлеуметтік әріптестік бөлімі

Сыртқы байланысты және еңбек саласында халықаралық тәжірибе
жинақтау бөлімі

Қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі

Жинақтық талдау бөлімі